

## Құлсары қаласының көшелеріне атау беру туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 132 бірлескен қаулысы және Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 мамырдағы № 19-6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28272 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы және 20 сәуірдегі қорытындылары негізінде, Жылыой ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жылыой аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Құлсары қаласының келесі атауы жоқ көшелеріне атаулар берілсін:

- 1) атауы жоқ көшеге - Сәли Шәкірова көшесі;
- 2) атауы жоқ көшеге - Жұмаш Өмірбаев көшесі;
- 3) атауы жоқ көшеге - Кейкін Атшыбаев көшесі;
- 4) атауы жоқ көшеге - Бағытжан Шнашев көшесі;
- 5) атауы жоқ көшеге - Жанаш Нұрмахан көшесі;
- 6) атауы жоқ көшеге - Бағыт Жақыпов көшесі;
- 7) атауы жоқ көшеге - Бердіғали Мұқанов көшесі;
- 8) атауы жоқ көшеге - Жаманқұл Тілеубаев көшесі;
- 9) атауы жоқ көшеге - Қалмұқан Қалиев көшесі;
- 10) атауы жоқ көшеге - Үркін Қонаров көшесі.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жылыой ауданының әкімі*  
*Мәслихат хатшысы*

*Х. Жамалов*  
*С. Таласов*